

Қазіргі қазақ әңгімесіндегі жаңашылдық

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінде аға оқытушы Шоқан Шортанбай мен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Қазіргі қазақ әңгімесіндегі жаңашылдық» атты дөңгелек үстел өтті. Еркін форматтағы жиынның қадірлі қонақтары ретінде қазіргі қазақ әдебиетінің өкілдері Еркінгүл Солтанаева, Әлібек Байбол, Досхан Жылқыбай шақырылды.

жаңа леп, кең тыныс әкелді. Әр дәуір, әр кезең әдебиетінің өзіндік жаңашыл тұсы бар. Бұл кезең әдебиетінің жаңалығы – көркемдік мазмұны ажарлы, идеясы еркін, концепциясы берік, жаңарып, толысқан шығармалардың дүниеге келуі деп білеміз.

Қазіргі қазақ әдебиетінің басқа кезең әдебиеттерінен ерекшелігі – идея азаттығында, тақырып өрісінің кеңдігінде. Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді, лирикалық тақырыптарды көтеруде болсын қазіргі қазақ қаламгерлері қалыс қалмақ емес. Тек оны оқытын, қаламгерлердің жүрек лүпілін сезінетін, құпия әлеміне ынтық оқырмандар көп болса дейміз.

Әдеби басқосу барысында жазушылар өз шығармашылығынан сыр шертіп, студенттер сауалына жауап берді. Ән шырқалып, авторлар өз құпияларымен бөлісіп, шығармашылық лабораториясын сөз етті. Кеш барысында «постмодернизм бағытының оқырман қауымға әсері», «қазіргі қазақ прозасының дамуы», «оқырман талғамы, заман талабы» сынды өзекті тақырыптар көтеріліп, дискурс жүргізілді.

Оқырманға «Квант», «Бокетто», «Түс көре алатын робот» атты әңгімелерімен танымал Досхан Жылқыбай: «Өзімді постмодернизм бағытының өкілі деп санамаймын. Ең әуелі оқырман қауымы модернизм мен постмодернизмнің аражігін ажыратып алуы керек. Неге десеңіз, біздің түсініктегі постмодернизм сарынын қазіргі қазақ әдебиетінен ғана емес, жыраулар



поэзиясынан да ұшырастыра аламыз. Сол себептен оқырманнан әуелі жазушылар «постмодернизм» түсінігінің пайымына жете білуі шарт», – дейді.

Жазушы-драматург, әдебиеттанушы, сыншы Әлібек Байбол оқырман сұрағына берген жауабында төл туындысы – «Шындықты іздеу» әңгімесі турасында: «Шығарма қазіргі қоғамдағы мәселе туралы. Әңгіме сюжетіндегі қараңғы бөлме, ол – қоғам, яғни қазіргі қоғамдағы мәселелерді қарастырдым», – деді.

Еркінгүл Солтанаеваның «Есей», «Айттаймыз», «Сары дәрі» әңгімелерінде бала тәрбиесі, отбасы құндылығы, әлеуметтік проблемалар ашық суреттеліп, мардымды тақырыптар қозғалған.

Қазіргі қазақ әдебиетінің төл туындылары оқырман арасына

Студенттер жазушылардың шығармашылық әлемінен жанжақты хабардар болып, тұшымды жауапқа, пайымды кешке өз ризашылықтарын білдірді. Қазіргі қазақ әңгімесінің бағыт-бағдары туралы пікірлер айтылып, оқырман қауымды жақсы идеялармен қуантты. Креативтік идеялармен сусындатқан қаламгерлерге құрметіміз артпаса, кемімейтініне көңіліміз сенді. Дөңгелек үстел мәресінде студенттер жазушыларға жылы лебізін білдірді. Кеш қонағы Әлібек Байбол жарыққа шыққан туындыларын оқырман қауымға сыйға тартты.

Мөлдір САҒЫМБАЕВА,
филология факультетінің
4-курс студенті